



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АЛПАУЫТ inDrive «ALTERNATIVA FILM PROJECT» ЖАҒАНДЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС КИНОБАСТАМАСЫН ІСКЕ ҚОСАДЫ

Аз дамыған киноиндустрия нарықтарының жаңадан бастаушы кинатографистерін қолдауға бағытталған жаңа жоба 2023 жылы басты назарды Орталық Азияға бөлмекші

Алматы, Қазақстан (2023 жылғы 7 қыркүйек) — бүгін инновациялық бір рангілі баға белгілеу моделімен танымал inDrive жаһандық технологиялық компаниясы **Alternativa Film Project** — дамып келе жатқан киноиндустрия нарықтарының жаңадан бастаушы кинатографистерін қолдауға бағытталған жаһандық коммерциялық емес кинобастамасын іске қосу арқылы әлемде әділдікті ілгерілету миссиясын кеңейтетінін мәлімдеді. Бағдарлама үш бағытты қамтиды: жергілікті көркем, анимациялық, деректі және қысқаметражды фильмдердің әсерін әйгілейтін инновациялық марапаттау рәсімі; жеңімпаздарға берілетін ақшалай сыйлықтар арқылы қаржыландыру; сондай-ақ кинатографистердің жаңа буынын дамыту және біліктілігін арттыру үшін оқыту.

Бастама аясында бірнеше жыл сайын жаңа аймақ қамтылатын болады: 2023 жылы Alternativa-ның тұңғыш шығарылымы Орталық Азия елдерін қамтиды. Жобаның штаб-пәтері көшпелілердің ғасырлар бойғы дәстүрлері заманауи өнер мен музыкамен үйлесетін, аймақтың мәдени орталығы саналатын Алматы қаласында (Қазақстан) орналасады. Көптеген этникалық топтар қоныстайтын бұл аймақ мәдениеттердің, наным-сенімдер мен діндердің тартымды үйлесімі болып табылады және әлемге паш ететін оқиғаларға толы. Десе де, жалпы алғанда, ол әлі де киноиндустрия үшін зерттелмеген аймақ болып қалуда. Бұған дейін де inDrive компания бастау алатын Ресейдің ең суық солтүстік аймақтарының бірі — Якутияның кино қауымдастығына, жергілікті кинатографистерді қолдау мақсатында қаржыландыру қорын құру арқылы қолдау көрсеткен еді. Бастапқыда Сібірде құрылған inDrive өзінің ресейлік бөлімшесін 2022 жылдың шілдесінде Ресейдің Украинаға басып кіруінен кейін сатып жіберді.

Аталмыш жоба тегін практикалық оқыту бағдарламаларынан басталады: «Teen Lab» оқу лагері жас көркемөнер дарындарын дамытуға, қатысушыларға кино негіздері мен командалық жұмыстың маңыздылығын үйретуге бағытталған, ал «Impact Lab» — «жаһандық солтүстік» аумағынан тыс алғашқы бағдарлама бола тұра, кино түсіріп жүрген продюсерлерге үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен ынтымақтастықта әсерлі, өміршең әрі инклюзивті фильмдер жасауды үйретуге арналған. Сондай-ақ, жоба бағыттары мыналарды қамтиды: қоғамдық фильм көрсетілімдері, нетворкинг іс-шаралары, питчинг семинарлары және әлеуметтік

желілердегі «эдьютеймент», яғни ойын-сауық арқылы білім беру мақсатындағы қысқа видеолар.

Бастаманың тағы бір маңызды бөлігі Alternativa Film Awards марапаттау рәсімі болмақ. Бұл соны туындыларды да, кең аудиториясы бар танымал фильмдерді де актерлық құрам өнері, кинематографиялық әлеуеті мен әлеуметтік әсерін бағалау тұрғысында танудың балама жүйесі. Салтанатты рәсімде дәстүрлі «Үздік фильм», «Үздік режиссер» және «Үздік актер» номинацияларының орнына туындылардың мәдени, әлеуметтік және салалық әсерін көрсететін номинациялар мен дарын иелеріне марапаттар беріледі. Тұрақты марапаттар қатарында көрермендердің қызығушылығын тудыратын тақырыпты немесе оқиғаларды бейнелейтін фильмге берілетін «Көкейтесті» номинациясы және кинематография саласы мен жалпы қоғамдағы өзгерістерге үлес қосуға әлеуетті дебютант режиссерге берілетін «Болашақтың үні» номинациясы. Сонымен қатар, ең маңызды әлеуметтік мәселелерді (мәселен, адам құқықтары, көші-қон, әскери қылмыстар және қоршаған орта) қозғайтын фильмге берілетін «Alter» («Өзгеріс») номинациясы және ұлттық немесе мәдени бірегейлік тақырыптарын көтеретін туындылар үшін «Nativa» («Сомтума») номинациясы бар.

Тек сала мамандарынан ғана емес, әлеуметтік жауапты кинематографистер мен идеялық көшбасшылардан тұратын қазылар алқасы жеңімпаздарды кино түсіру дағдыларын одан әрі дамыту үшін ақшалай сыйлықтармен марапаттайды. Жалпы жүлде қоры 100 000 долларды құрайды, бұл сома марапаттарды иерархиялаусыз фестивальдің бес жеңімпазы арасында тең бөлінеді. 2023 жылғы желтоқсан айының басында өтетін рәсімге көрермендерге эстетикалық және этикалық әсер ету арқылы әлем мен қоғамға өзгеріс әкелетін киноны қолдау мақсатында барлық Азия елдерінен (тек Орталық Азия елдері қатысуға құқылы «Қысқаметражды фильмдер» санатын қоспағанда) өтінімдер қабылданады.

inDrive негізін қалаушы әрі бас директоры Арсен Томскийдің айтуынша: «Кино — бұл әлеуметтік өзгерістер жасайтын қуатты құрал. Сондай-ақ дәстүрлі жүйелер мойындамаған қаншама ашылмаған дарындар мен ізашарлар бар. «Жаһандық солтүстік» аумағынан тыс серпінді стартап бола отырып, әділетті әлем құруға деген ұмтылыс жетелеген біз киноиндустриядағы сондай ізашарлардың жұмысын бағалаймыз және мойындаймыз.

Біз арт-кеңістікке одан әрі еніп, өз ресурстарымызды жаңадан бастаушы кинематографистердің табысқа жетуіне көмектесу үшін қуана-қуана пайдаланамыз. Қазіргі заман иерархиясында көзге іліне бермейтін өнерпаздарды баптап-өсіру және атап өту, дамушы нарықтардағы жергілікті дарындарды қолдау және шығармашылық қоғамдастықтың дамуына ықпал ету өте маңызды».

«Alternativa Film Project» жобасы — компанияның жүйелі әділетсіздікпен күресуге және аз қамтылған қауымдастықтарға әлеуметтік лифт ұсынуға бағытталған бастамаларының қатарында соңғысы. Аз ұсынылған киноиндустрия нарықтарына «сәуле түсіретін» Alternativa жаңа буынның көркем үнінің жаһандық ауқымда естілуіне көмектесуді мақсат етеді.

###

«Alternativa Film Project» туралы

«Alternativa Film Project» — бұл кинематографистерді қолдауға және насихаттауға, сондай-ақ дамып келе жатқан, бірақ аз ұсынылған киноиндустрия нарықтарындағы дарындарды ашуға бағытталған жаңа бастамалар жүйесі. Біздің міндетіміз — туындылары біздің әлемді қабылдауымызды байыта түсетін дарындардың көзге түсуіне көмектесу. inDrive әділетсіздікке қарсы миссиясын ұстана отырып, біз жергілікті киноиндустриялар мен қауымдастықтарды ілгерілету арқылы кино әлеміндегі статус-квоны өзгертетін тиімді халықаралық жоба жасауға ұмтыламыз.

inDrive туралы

inDrive — бұл штаб-пәтері АҚШ-тың Калифорния штатындағы Маунтин Вьюде орналасқан жаһандық мобилдік және қалалық сервистер платформасы. inDrive қолданбасы 175 миллионнан астам рет жүктеліп, 2022 жылы ең көп жүктелген екінші мобилді қосымша болды. inDrive таксиден басқа қалааралық тасымалдау, жүктерді жеткізу, тапсырмаларды орындауға көмектесу, курьерлік жеткізу және жұмыс іздеуді қоса алғанда, қалалық қызметтердің кеңейтілген тізімін ұсынады.

inDrive 40-тан астам елде қызмет көрсетеді. Ол өзінің бір рангілі баға белгілеу моделімен және білім, спорт, өнер мен ғылым, гендерлік теңдік және басқа да маңызды бастамаларды ілгерілетуге көмектесетін қоғамдағы құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту бағдарламалары арқылы жергілікті қауымдастықтарды қолдайды.

«Alternativa Film Project»-тің

БАҚ-пен байланыс өкілі

Анна Васильева

anna.vasilyeva@alternativa.film

###